

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ № 1 ХАТТАМАСЫ

19.09.2023 жыл

Қатысуға тиісті:

Қатысқан:

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын бекіту.
2. 2023–2024 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспарын құру және бекіту.

ОТЫРЫС БАРЫСЫ

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын бекіту мәселесі бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Н. Есжанова сөз сөйледі. Өз сөзінде меңгеруші қамқоршылық кеңестің бөбекжай-бақша қызметіндегі маңыздылығына тоқталды. Кеңестің негізгі міндеттері ретінде ата-аналар мен педагогикалық ұжым арасындағы өзара байланысты нығайту, тәрбиеленушілерге қолайлы жағдай жасау, білім беру процесінің сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды атап өтті. Сондай-ақ, жаңа оқу жылына байланысты қамқоршылық кеңес құрамын жаңарту және бекіту қажеттілігі туындағанын айтып, ұсынылған құрамның бөбекжай-бақша жұмысына оң ықпал ететінін жеткізді.

Талқыланды:

Әдіскер М. Акимова сөз алып, қамқоршылық кеңестің оқу-тәрбие үдерісін жетілдірудегі рөлін атап өтті. Кеңес мүшелерінің белсенді қатысуы ата-аналармен ынтымақтастықты арттырып, бөбекжай-бақша жұмысының тиімділігін көтеретінін айтты.

Қатысушылар тарапынан ұсынылған жаңа құрам қолдау тауып, бірауыздан мақұлданды.

2-мәселе бойынша тыңдалды:

2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын құру мәселесі бойынша М. Акимова баяндама жасады.

Баяндамасында жылдық жұмыс жоспарының негізгі бағыттарын атап өтті. Атап айтқанда:

- тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету;
- тәрбиелік және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру;
- ата-аналармен бірлескен жұмыстарды күшейту;
- бөбекжай-бақшаның материалдық-техникалық базасын жақсартуға қолдау

көрсету.

Жоспарды әзірлеу барысында ата-аналар мен қоғам өкілдерінің ұсыныстары ескерілгені айтылды.

Кеңес мүшелері ұсынылған жылдық жұмыс жоспарын жан-жақты талқылады. Жоспардың нақты әрі мазмұнды екендігі атап өтіліп, оны бекіту ұсынылды.

Қаулы етілді:

1. Қамқоршылық кеңестің 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жоспардың орындалуы бөбекжай-бақша әкімшілігімен бірлесіп жүзеге асырылсын.
3. Жұмыс жоспарының орындалуы тұрақты бақылауға алынсын.

Кеңес төрайымы:  Т.Иманбердиева
Хатшы:  А. Жармаханова

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ № 2 ХАТТАМАСЫ
21.12.2023 жыл

Қатысуға тиісті:

Қатысқан:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жаңа жылдық қайырымдылық акцияларын өткізу туралы.

ОТЫРЫС БАРЫСЫ

Жаңа жылдық қайырымдылық акцияларын өткізу мәселесі бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Н. Есжанова сөз сөйледі. Өз сөзінде меңгеруші Жаңа жыл мерекесі қарсаңында әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсету маңызды екендігін атап өтті. Балалардың мерекелік көңіл-күйін көтеру, оларға қуаныш сыйлау және ата-аналарға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру қажеттігін айтты. Сонымен қатар, мұндай шаралардың тәрбиелік маңызы зор екенін, балалардың бойында мейірімділік, жанашырлық және қайырымдылық сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететінін жеткізді.

Ата-ана кеңес мүшесі Б. Боздақбаев сөз сөйледі.

Б. Боздақбаев өз сөзінде меңгерушінің ұсынысын толық қолдайтынын айтып, қайырымдылық акцияларын қамқоршылық кеңес мүшелері мен ата-аналар бірлесіп ұйымдастыруды ұсынды. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға азық-түлік, ойыншықтар және қажетті тұрмыстық заттар түрінде көмек көрсету мүмкіндігін қарастыру қажет екенін атап өтті.

Әдіскер М. Акимова қайырымдылық шараларын балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қауіпсіздік талаптарына сай ұйымдастыру керектігін айтты. Сонымен қатар, мерекелік іс-шаралар барысында тәрбиеленушілердің қатысуымен шағын концерттік бағдарламалар өткізу ұсынылды. Кеңес мүшелері ұсыныстарды қолдап, қайырымдылық акцияларын өткізу жөнінде ортақ шешімге келді.

Қаулы етілді:

1. Жаңа жыл мерекесіне орай әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету мақсатында қайырымдылық акциялары ұйымдастырылсын.
2. Қайырымдылық шараларын өткізу жұмыстары қамқоршылық кеңес мүшелері мен ата-аналар комитетімен бірлесіп жүзеге асырылсын.
3. Қайырымдылық акцияларының ұйымдастырылуы мен өткізілуі бөбекжай-бақша әкімшілігінің бақылауында болсын.

Кеңес төрайымы:  - Т. Иманбердиева
Хатшы:  А. Жармаханова

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ № 3 ХАТТАМАСЫ

14.03.2023 жыл

Қатысуға тиісті:

Қатысқан:

ОТЫРЫС БАРЫСЫ

Күн тәртібі:

1. Мекемедегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
2. Балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру.
3. Санитарлық-гигиеналық жағдайды сақтау және жетілдіру шаралары.

Мекеме меңгерушісі Н. Есжанова балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мекеменің басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Ол мекемеде техникалық қауіпсіздік талаптарының сақталуы, апаттық жағдайлардың алдын алу, электр құралдарының, ойын және спорт жабдықтарының жарамдылығы жөнінде толық ақпарат берді. Сондай-ақ, балалардың күнделікті тамақтану рационы, мәзірдің теңгерімділігі, азық-түлік сапасы мен сақтау шарттары туралы баяндалды. Асханадағы тазалық, тағамдардың санитарлық нормаларға сәйкестігі де назарда екені айтылды. Медицина қызметкері балалардың денсаулығын сақтау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталып, алдын алу шаралары, медосмотр нәтижелері мен санитарлық нормалардың орындалуы жайында баяндады. Шаруашылық меңгерушісі санитарлық-гигиеналық жағдайды сақтау, бөлмелерді желдету, ылғалды тазалық, дезинфекциялау жұмыстарының жүйелі жүргізіліп жатқанын айтты.

Әдіскер М. Акимова балалардың тамақтануын ұйымдастыру жайлы мәлімет берді. Ол күнделікті тағам мәзірі, өнім сапасы, ас дайындау және сақтау ережелері, асханадағы тазалықтың сақталуын үнемі қадағалау мәселелерін қозғады.


Медицина қызметкері мекемеде санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы, күнделікті тазалық жұмыстары, бөлмелерді желдету, балаларға жеке бас гигиенасын үйрету бағытында атқарылып жатқан шаралар жайлы баяндады.

Кеңес мүшесі М. Бабашов өз пікірін білдіріп, мекемеде балалардың қауіпсіздігі мен тазалығы үшін келесідей ұсыныстар айтты

- Мекемедегі барлық ойын және оқу құралдарын жүйелі түрде тексеріп отыру;
- Балалар жүретін жолдар мен алаңдарда сырғанау, тайғанау қаупін болдырмау үшін алдын алу шараларын күшейту;
- Балаларға санитарлық-гигиеналық дағдыларды үйретуді күн тәртібінен түсірмеу;
- Асханадағы тағамдардың сапасын тексеруді күшейту, мәзірді маусымға сай жаңарту.

Қаулы:

1. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Барлық техникалық құрылғылар мен жабдықтардың жарамдылығын ай сайын тексеріп отыру
2. Тамақтану сапасын арттыру
3. Санитарлық-гигиеналық жағдайды жақсарту:

Төрайымы:  Т. Иманбердиева
Хатшы:  А. Жармаханова

13.05.2023 жыл

Қатысуға тиісті:

Қатысқан:

ОТЫРЫС БАРЫСЫ

Күн тәртібі:

2025–2026 оқу жылында атқарылған жұмыстар бойынша есеп беру және келесі оқу жылына ұсыныстар енгізу.

Мекеме меңгерушісі Н. Есжанова жыл бойына жасалған жұмыстар туралы толық есеп берді. Ол 2025–2026 оқу жылында ұйымның алдында тұрған негізгі міндеттер мен сол міндеттердің орындалу деңгейіне тоқталып өтті. Атап айтқанда:

- Оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыру;
- Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Медицина қызметімен қамтылу деңгейі;
- Балалардың денсаулығын сақтау, дұрыс тамақтануын ұйымдастыру;
- Материалдық-техникалық базаның нығаюы;
- Педагогтардың кәсіби даму көрсеткіштері;
- Ата-аналармен байланыс жұмыстары.

Меңгеруші мекеме ұжымы оқу жылы ішінде барлық бағыттар бойынша жүйелі жұмыс жүргізгенін атап өтті. Балалардың танымдық, шығармашылық, тілдік және физикалық дамуында оң өзгерістер байқалғанын мәлімдеді. Педагогтар ашық сабақтар, мерекелік іс-шаралар, үйірмелер арқылы балалардың жеке қабілетін дамытқан. Сонымен қатар, мекемеде санитарлық нормалар мен қауіпсіздік талаптарының сақталуына ерекше мән берілгені айтылды.

Әдіскер М. Акимова әдістемелік жұмыс бойынша есеп беріп, жыл бойына жүргізілген семинарлар, тренингтер, әдістемелік отырыстар мен тәжірибе алмасу шараларын атап өтті. Әдіскер тәрбиешілердің кәсіби шеберлігінің артқанын, жаңашыл педагогикалық технологияларды қолдану деңгейінің көтерілгенін баяндады.

Талқыланды:

Кеңес мүшесі Б. Боздақбаев жыл қорытындысы бойынша оң баға бере отырып, келесі ұсыныстарын ортаға салды:

- Педагогтар тәжірибесіне жобалық оқыту, сараланған тәсіл, ойын арқылы оқыту әдістерін кеңінен енгізу;
- Әр балаға жеке тәсіл қолдану арқылы оның жеке дамуын қолдау;
- Ата-аналармен бірлесе отырып, тәрбиелік іс-шараларды көбейту;
- Мекеменің материалдық базасын жаңарту – интерактивті тақта, дидактикалық материалдар, оқу құралдарымен қамту;
- Жаңа оқу жылына арналған жоспарды нақтылау және педагогтардың пікірін ескеру.

Кеңес мүшелері мен педагогтар ұсыныстарды қолдап, оқу жылы барысында жеткен жетістіктер мен орын алған кейбір қиындықтарға тоқталып, оларды болашақта болдырмау жолдарын бірлесе талқылады.

Қаулы:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарына мынадай ұсыныстар енгізілсін:

- Оқу-тәрбие процесінде инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану;
- Әр баланың жеке қабілеті мен қызығушылығын ескере отырып, дамытушы орта құру;
- Педагогтардың кәсіби дамуына жағдай жасау: курстар, семинарлар, тәжірибе алмасу;
- Ата-аналармен жұмыс жүйесін жетілдіру, жаңа форматтағы бірлескен жобаларды іске асыру;
- Санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын тұрақты бақылау.

Төрайымы:  Т. Иманбердиева

Хатшы:  А. Жармаханова